

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 509 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 қазанда № 4776 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17, 69, 71-1 баптарына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "RESOURCE QAZAQ INVEST" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қатты қазбаларды барлау жұмыстарын жүргізу үшін қосымшаға сәйкес жалпы алаңы 253,0 гектар, оның ішінде Қарасаз ауылдық округі аумағынан 193,9 гектар, Нұрлықент ауылдық округі аумағынан 6,0 гектар, Көкбастау ауылдық округі аумағынан 53,1 гектар жер учаскелерін жер пайдаланушылардан алып қоймай 11 (он бір) ай мерзіміне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "RESOURCE QAZAQ INVEST" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жер пайдаланушыларға шектеулі нысаналы пайдалану белгілеуден келтірілген шығындарды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін және пайдалы қазбаларды барлау жұмыстары аяқталғаннан кейін бүлінген жерлерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Абдекерим Култаевич Уркумбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жуалы ауданының әкімі

Н. Ергебеков

Жуалы ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 23 қазандағы
№ 509 қаулысына қосымша

"RESOURCE QAZAQ INVEST" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қатты қазбаларды барлау жұмыстарын жүргізу үшін қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің ЭКСПЛИКАЦИЯСЫ

№	Жер пайдаланушылар	Барлығы, гектар	Егістігі, гектар	Шабындығы, гектар	Жайылым, гектар	Бөгде жер, гектар
1	2	3	4	5	6	7

1	Сейдалиев Жанадил Абдикадырович	20,6312			20,6312	
2	Ахметов Абылнур Жандаралиевич	14,0430			14,0430	
3	"Гамбург" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	3,2403			3,2403	
4	Қарасаз ауылдық округі жері	159,2258			159,2258	
5	Нұрлыкент ауылдық округі жері	6,0			6,0	
6	Көкбастау ауылдық округі жері	49,8597			49,8597	
	Барлығы	253,0			253,0	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ